

№1 «31.08.2022»
Педкөңесте қаралды.

Бекітемін: [Signature] Л.И.Еспенбетов
Басқұдық (ЖОББМ(КММ)-нің директоры

Келісілді: [Signature] Б.Д.Сейтханов
Әйтеке би АББ-нің басшысы:

08.09.2022

Тақырыбы:

«Ғажайып математика»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы: 2 класс

Орындады: Симатова А.Б. _____

Бастауыш класс мұғалімі

Ә/б отырысында қаралды: [Signature]

Ә/б жетекшісі: Тезекпаева Г.Б

№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 20 ж.

Тексерілді: [Signature] Искакова С.А

Оқу ісінің орынбасары

Түсінік хат

Бастауыш мектептің математика курсы бойынша дайындалған бейінді бағдарламалық жұмыстар мұғалімге көмек беру мақсатын көздейді. Бағдарламада бастауыш класс математикасының жаңа оқу бағдарламасы басшылыққа алынды. Бағдарламаға енгізіліп отырған дидактикалық ойындар өтілген материалды бекіте түсу сипатында берілген.

Мақсаты: - Оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыта түсу;

- Негізгі мектепте оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру;

Міндеттері: - Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізу;

- Оқушының өмір тіршілігіне және мектептің негізгі сатысында оқуын жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Нені меңгеру керек: - Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, қызығушылығын арттыру;

- Ұшқыр ойлап, тез есептеу, шапшаң есептеу және қарапайым мысалдарды тез есептеуді игерту;

- Оқушылардың ауызша есептеу дағдысын қалыптастыру;

Күтілетін нәтиже:

- Есептеу дағдысын машықтандыру;
- Геометриялық фигураларды ажырата білу;
- Санды өрнек және оның мәнін табу туралы түсініктерін дамыта түсу;

Мазмұндық бөлім

Жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеуде оқушылардың логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызы зор. Бастауыштағы білімнің бала өміріндегі алғашқы басқыш екенін ескере отырып, оқушының жеке қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Оқушыларды оқуға, сауатты жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдармен таныстыру, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе білу маңызды болып табылады. Оқушының логикалық ойлау қабілеттерін және шапшаң есептеу дағдыларын жетілдіру керек. Оқушының зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау танымдық іс-әрекеттерімен өздігіннен білім алуға, ізденуге бейімдеу керек. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету. Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру. Сөйлеу туралы қарапайым түсінік беру. Сөздің дыбыстық құрылымы туралы түсінігін дамыта түсу. Оқушының ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. Қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Оқушының логикалық ойлау қабілеттерін және шапшаң есептеу дағдыларын жетілдіру. Өздігінен жұмыс жасай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Логикалық тапсырмалар арқылы жеке зейінін дамыту және қалыптастыру. Мектеп өмірінде арнайы курс бағдарламасы арқылы оқушының білім дағдысы жетілдіріледі. Осыған орай құрылған оқушылардың логикалық қабілеттерін дамытуда септігін тигізеді деген мақсатта құрылған «Ғажайып математика» бағдарламасы аптасына бір сағаттан 2 класқа 36 сағатқа құрылды. 1-тарау Санның ондық құрамы. 2-тарау. Өлшеу және өлшем бірліктері. 3-тарау. Салыстыру. Арттыру және кеміту. 4-тарау Оқушылардың білім деңгейін анықтау. Берілген тапсырмалардың барлығы оқушылардың жас шамасына қарай құрылды.

Нормативтік бөлім

Сабақтың тақырыбы	Сағат саны		Мерзімі	Білім нәтижесі
	Лекция	практика		
Санау қабілетін жетілдіру. Санамақтар.		1	02.09.2022	Танымын кеңейту
Балалардың даму деңгейінен ықтау		1	09.09	Тапсырмалар орындау өз бетінше
Зейінді шоғырландыру		1	16.09	Есте сақтауын дамыту
Зейінді шоғырландыруды дамыту		1	23.09	Таным-дық қабілетте рінарттыру
Зейінді шоғырландыру		1	30.09	Пішіндермен түстерді үйлесіре алу.
Назар аударуды дамыту		1	07.10	Шығармашылық қабілетте-рін арттыру
Назар аударуды дамыту		1	14.10	Мұқият болуға баулу
Зейінді дамыту		1	21.10	Шапшаңдыққа баулу
Зейінді жаттықтыру		1	28.10	Сандарды дұрыс орналастыра алуға үйрету
Есту арқылы жадында сақтауды дамыту		1	11.11	Есте сақтауға баулу
Ету арқылы жадынды дамыту		1	18.11	Сәйкес сөздерді табуға баулу
Есту арқылы есте сақтау қабілетін жаттықтыру		1	25.11	Мұқият болуға баулу
Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту	1	1	02-09.12	Шығармашылық қабілеттерін арттыру
Көру арқылы есте сақтау қабілетін жаттықтыру		1	16.12	Есте сақтауға баулу
Көру арқылы есте сақтау қабілетін жаттықтыру		1	23.12	Шапшаң ойлауға үйрету.
Қисынды ойлауды дамыту		1	30.12	Дұрыс ойлай білуге баулу
Қисынды ойлауды дамыту		1	13.01.2023	Танымын кеңейту
Қисынды ізденіс тапсырмалы	1	1	20-27.01	Мұқияттылыққа баулу

Қисынды ізденіс тапсырмалары		1	03.02	Шығарамашылық қабілеттері артады
Заңдылықты іздеуге үйрету	1	1	10-17.02	Дұрыс ойлауға үйрету
Заңдылықты іздей білуге жаттықтыру	1		24.02	Есептеу дағдыларын жетілдіру
Ойша көз алдына елестету	1		03.03	Тез есептеуге машықтандыру
Ойша көз алдына елестетуді жетілдіру Елестетуді жетілдіру	1	1	10-17.03	Суреттер мен сөздерді байланыстара алуға үйрету
Елестетді жетілдіру		1	31.03	Елестету қабілеттері артыру
Елестетуді жетілдіру Кеңістікте қиялды дамыту	1	1	07-14.04	әртүрлі шытырман есептеулер, басқатырғыларды орындау
Заттардың кеңістікке орналасуын анықтай білуге жаттықтыру Білімдарлар сайысы	1	1	21-28.04	Есте сақтауын дамыту Шапшаңдыққа үйрету
Тест құрастыру	1	1	05-12.05	Дұрыс ойлауға үйрету
Өзіндік жұмыс		1	19.05	Есте сақтауын дамыту
Қорытынды сабақ.	1		26.05	Танымын кеңейту

Ақпараттық бөлім.

Ұсынылып отырған аранайы курс бағдарламасы 2 класс оқушыларының логикалық ойлау қабілеттері мен танымдық белсенділіктерін оятуды көздеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық белсенділіктерін арттырып, оқу сапасын көтеруге ықпалын тигізді. Оқушылардың қызығушылығын, математикалық инициативасын арттыру мақсатында қызықты есептерді пайдаланамын. Қызықты есептер, өлең, әзіл, ермек, викторина түрінде болады. Сонымен бірге логикалық есептер, математикалық жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ойын есептер қолданылады. Мұндай есептерді шығартудың білімдік те, тәрбиелік те маңызы зор. Алған білімдері бойынша тиісті қорытынды жасауға, өздері игереген есеп шығару дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыру. Сабаққа деген қызығуды мұғалім оны жүргізу үстінде тудырса, ал жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстар одан әрі дамытуға себепші болады. Сондықтан әрбір педагогтың әрбір өтілетін сабаққа мән бере қарап, дұрыс шешімін табуға өзіндік үлес қосуы-бұл өмір талабы.

Оқушылар математикалық түсініктерді меңгереді. Оқушылардың оқу, математикалық сөйлеу дағдылары ұштаса түседі. Бір амалмен шығаратын қарапайым есептерді түсініп шығару. Өз бетінше есептерді құрастыра біледі. Дұрыс жазу ережесін меңгереді. Шығармашылық қабілеттері артады. Қиялдау қабілеті кеңейеді.

Түйіндей келе, бұл тапсырмалардың маңызы мен болашақтағы тиімді тұстары бағдарлама бойынша математиканы оқытуда сапалы деңгейге шығаруға көмектеседі деп ойлаймын. Оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағұлматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілетін жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.-Алматы,2003ж.
- 2.«Математика оқулығы» 2 кл.Атамұра,2003 ж,91-бет.
- 3.«Бастауыш мектеп» журналы.№4, 2014 ж,26-бет.
- 4.«Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша 2012 ж.
- 5.«Бастауыш сынып» әдістемесі журналы №2 ,2016ж, 44-бет.
- 6.«Бастауыш білім» журналы.№5 ,2004ж,33-бет.
- 7.«Бастауыш сынып» журналы №3 2012ж,46-бет.
- 8.Б.А.Тұрғанбаева.Дамыта оқыту технологиялары.-Алматы,2002ж ,89-93бет
- 9.Математикалық-дидактикалық материалдар.Алматы,2006ж, 46-51 бет.
- 10.Мұғалімге арналған әдістемелік құрал.Алматы,2002ж,27-32 бет.
- 11.Мұғалімге арналған бақылау жұмысының әдістемелік құралы.Алматы,2007ж,

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

- 1.«Бал жұмбақ » ойын-сауық,танымдық газет,2012ж 31-бет
- 2.Алақай журналы.Алматы, № 9 2015ж 25-бет.
- 3.«Математика оқулығы»,.Атамұра,2003ж 105 бет.
- 4.Айгөлек журналы,№ 5, 2018ж 18-бет .
- 5.Балдырған журналы. №8,2005ж 23-бет.
- 6.Бала би журналы.2014 ж 13-бет.
- 7.Өлең есептер кітапшасы 41-бет.
- 8.Бастауыш кластарға арналған логикалық есептер кітапшасы 38-бет.
- 9.Математикалық жұмбақтар кітапшасы 52-бет.
- 10.Мөлдір бұлақ журналы № 2, 2016ж 22-бет.